

## Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы 2018 жылдың 1 тоқсанына арналған нәтижелер мен 2018 жылдың соңына дейінгі қызметтердің басымдықтары

### I. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құжаттар:

Комитет 2018 жылдың 1 тоқсанында 4 нормативтік құқықтық акті әзірлеуді жоспарлауда, олардың ішінде 3-і әзірленіп, бекітілді, 1 НҚА бойынша жұмыс жалғасуда. ( ҚР БҒМ-нің 4 бұйрығы, *тізімдері қоса берілді*).

### II. Бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды іске асыру:

Комитетте ҚР БҒМ 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспардың 2 индикаторы бекітілген.

**1 Индикатор.** «Балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлық деңгейі» жоспар бойынша 2018 жылы – жоспар бойынша 75% (2017 ж. -73,9%).

**2 Индикатор.** «Жыл сайынғы, қазақстандық азаматтардың отбасыларына берілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйым тәрбиеленушілерінің үлесі» жоспар бойынша – **2018 ж.- 21%, 31 наурыз жағдайы бойынша факт - 11,4%** (2017 ж. -21,6%).

**2016-2019 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезіндегі 3 іс-шара:**

тамақтандыруды ұйымдастыруды мониторингілеу, оқушылардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру;

жалпы спорт түрлерімен айналысу үшін жеңілдіктер ұсыну;

тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балаларының, жетім балалардың, девианттық мінез-құлықты балалардың мәдениет және спорт ұйымдарына баруы.

Республикада 20 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы жұмыс жасайды.

Оның ішінде облыс орталықтарында - 13 орталық;

Астана және Алматы, Семей, Жезқазған, Теміртау қалаларында - 5 орталық;

өңірлік орталықтарда (Зырян және Риддер ққ.) - 2 орталық;

2018 жылғы 1 тоқсан жағдайы бойынша кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына 1688 бала келіп түскен, оның ішінде:

- **233** (13,8%) - ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар;

- **1422** (84,2%) - бақылаусыз және қадағалаусыз қалғандар;
- **21** (1,24%) - девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы ұйымдарға жіберілгендер;
- **12** (1,1%) - өмірдің қиын жағдайына тап болған кәмелетке толмағандар.

Келіп түскен кәмелетке толмағандардың санынан **1528** бала орналастырылды: олардың ішінде

- **1371** немесе 89,7% кәмелетке толмаған бала отбасыға орналастырылды;

- **97** немесе 6,35% - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға жіберілді;

- **21** немесе 1,37% бала қамқоршылыққа;

- **9** немесе 0,59% - бала патронаттық тәрбиеге берілді;

- **22** немесе 0,13% - бала арнайы мектептерге;

- **3** немесе 0,19% - бала басқа облыстардағы бейімдеу орталықтары үлгісіндегі ұйымдарға;

- **1** немесе 0,065% - бала басқа елдердегі бейімдеу орталықтары үлгісіндегі ұйымдарға және **4** немесе 0,26% - қонақ отбасыларға берілді.

Барлық 20 бейімдеу орталықтарында отбасыларды қолдау қызметі жұмыс жасайды, олардың міндеттері бейімдеу орталықтарының тәрбиеленушілеріне консультациялық, психологиялық, анықтамалық-ақпараттық, әлеуметтік-құқықтық көмектер көрсетуге бағытталған. **99** отбасыға, **29** оқу орны және **10** жетім балаларға арналған ұйымдар тексерілді.

Сонымен қатар, **23** ата-анаға және **93** кәмелетке толмағандарға құжатты рәсімдеу сұрағы бойынша көмек көрсетілді. Сондай-ақ кәмелетке толмағандарға психологтың (1094), әлеуметтік педагогтың (1146) және заңгердің (372) кеңестері берілді.

### **III. Әлеуметтік маңызы бар іс-шаралардың өтуі:**

Ведомствоаралық әрекеттестік шеңберінде, сондай-ақ 2018 жылға арналған ҚР БҒМ және Комитет жоспарының орындалуы бойынша балалардың құқықтарын қорғау саласында **41** әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар (2017 ж.- 27) өткізілді. Олардың ішінде:

1) балалар мен жеткіншектердің өмірлік дағдылары мен психикалық денсаулығын қалыптастыру, сондай-ақ «Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын нығайту» атты кәмелетке

толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу мәселелеріне арналған 1-ші халықаралық конференция (19-20 қаңтар);

2) «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім бойынша республикалық кеңестің 11 отырысы ( 29 қаңтар);

3) «Қамқорлық» - **республикалық акциясы** (10 қаңтар мен 10 ақпан аралығы);

4) «Қазақстан – мейірімділік мекені» **республикалық балалар бастамасы** (қаңтар-маусым);

5) «Заманауи балалар бастауы – қоғамдық сананы жаңғыртудың негізі» атты тақырыпта «Балалар бастауы-2018» балалардың әлеуметтік бастамасы (29 қаңтардан 1 маусымға дейін);

6) «Өзін-өзі тану: сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» республикалық декадасы (2-12 ақпан);

7) Мүгедек балалар мен олардың ата-аналарының мәселелерін зерделеу бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрінің басшылығымен видео-байланыс режимінде кеңес (8 ақпан);

8) Ислам білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдары балаларының мәселелері жөніндегі 5 конференция (21-22 ақпан, Марокко корольдігінің, Рабат қ.);

9) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары директорларының республикалық кеңейтілген кеңес отырысы (29 наурыз Ақтөбе қ.);

10) **3 ақпараттық кездесулер:**

Атырау қаласында ҚР Президентінің жолдауын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары шеңберінде (26-27 ақпан);

Астана қаласы әкімдігі «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» ҚММ-да (1 наурыз);

Туған жер, мейірімділік пен әділеттілікке балалардың бастауы мен Еуразиялық бастамада медиа – фестивальдің шығармашылық ашылуы (28 наурыз);

11) **2 телевизиялық бағдарламаларға қатысты:**

Ақмола облысында балалар үйін жабу туралы «Время» газетіне сұхбат (28 наурыз);

Қазақстандағы балалар үйлері желісін азайту және жетім балалар мен әлеуметтік жетім балаларды асырап алуға насихаттау туралы «Хабар» агенттігіне «Жеті күн» бағдарламаларына сұхбат (16 наурыз);

12) **19 отырыс:**

ҚР Заң жобалары бойынша ҚР Мәжілім Парламентінде (16 қаңтар);

«Білім туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заң жобасына Парламент депутаттарымен жұмыс тобы (18 қаңтар);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарастыру бойынша жұмыс тобы (25 қаңтар);

Аккредитация, асырап алу бойынша шетелдік агенттіктердің құжаттарын қарау жөніндегі жұмыс тобы («SOS Bambino International Adaption Onlus» Италия асырап алу жөніндегі агенттік) (25 қаңтар);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарастыру бойынша жұмыс тобы (22-25 қаңтар);

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жөніндегі республикалық кеңестің 11 отырысы (29 қаңтар);

ҚР «Білім туралы» Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобы (1 ақпан);

«Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 7-1 және 7-2 баптарына сәйкес және «Балаға мейірімді Қазақстан» халықаралық конференциялардың ұсыныстарын жүзеге асыру мақсатында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелері бойынша заңнамалар жобасын жасау бойынша жұмыс тобы (2 ақпан);

«Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтері мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша жұмыс тобы (6 ақпан);

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобаларын талқылау бойынша жұмыс тобы (6 ақпан);

«Бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтері мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша жұмыс тобы (8 ақпан);

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау және дамыту-мемлекеттің өзекті проблемалары» тақырыбында (23 ақпан);

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» Қазақстан Республикасының Заң жобасы бойынша жұмыс тобы отырысы (27 ақпан);

«Заңмен шиеленіске түскен кәмелетке толмағандарға қатысты әділ-сот саласындағы реформаларды тәуелсіз бағалау» тақырыбындағы жұмыс тобы (1 наурыз);

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация арқылы көрсетуге жататын мемлекеттік қызметтерді іріктеу бойынша ведомствоаралық комиссия (15 наурыз);

«Қазақ әйелдерін тұтқындаудан сақтау немесе Қазақстандағы гендерлік ырымдармен қалай күресу қажет» тақырыбында Paper Lab дискуссиялық клубы (27 наурыз);

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз балаларға арналған білім беру ұйымдары директорларының республикалық кеңесі (29 наурыз);

Балалардың жағдайы туралы индексті әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (30 наурыз).

**13) 5 отырыс:**

«Ана үйі» ҚҚ ұсыныстарына қатысты (18 қаңтар);

Мүгедек балалар мен олардың ата-аналарының мәселелерін зерделеу мәселесі бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрінің төрағалығымен видео байланыс режимінде (8 ақпан);

Террористік белсенділік аумағынан келген кәмелетке толмағандарды сауықтыру мәселелері бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары Е.Досаевта селекторлық режимде тренинг (15 ақпан);

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында құжаттар қабылдау рәсімдерін оңтайландыру, тегін және жеңілдік бойынша тамақтандыруды ұсыну, жеке санаттағы оқушылар мен тәрбиеленушілерге қала шетіндегі және мектеп алды лагерлерде демалуға бағдарлама беру бойынша жол картасын іске асыру мәселесі бойынша (16 наурыз);

Адамдарды заңсыз әкету және сатудан қорғау мәселесі бойынша ведомствоаралық комиссия (29 наурыз).

**14) 1 тренинг:**

Қазақстандағы мемлекеттік ұйымдар өкілдеріне дін бостандығы немесе пікірлер мен қауіпсіздік жөнінде (23-24 қаңтар).

**15) төмендегі тақырып бойынша 1 семинар:**

Балалар және отбасылармен әлеуметтік жұмыстың технологиясы

**16) 5 кездесу:**

Франкфурт қаласындағы Қазақстан Республикасының бас консульствосының екінші хатшысы Баймагамбетова Алиямен кездесу (5 қаңтар);

ҚР Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің SOS Childrens Villages – International халықаралық ассоциациясының президенті Сидхартх Каулмен кездесуі (28 ақпан);

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау және дамыту-мемлекеттің өзекті проблемалары» тақырыбында ҚР Парламенті мәжілісінде кездесу (1 наурыз);

Астана қаласындағы балалар ауылында алғыс айту күні (1 наурыз);

У.Жанибек атындағы №73 мектеп-лицейінде 1 сынып оқушысына (Байдаулетов Н.) зорлық көрсеткені туралы БАҚ-тағы ақпаратқа қатысты (15-17 наурыз, Шымкент қ.).

#### 17) **2 конференция:**

Балалар мен жеткіншектердің тіршілік дағдылары мен психикалық денсаулығын қалыптастыру, сондай-ақ, «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту» атты кәметке толмағандар арасында суицидтің алдын алу мәселелеріне арналған (19-20 қаңтар);

Ислам білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдары балаларының мәселелері жөнінде (21-22 ақпан, Марокко корольдігінің, Рабат қ.);

#### 18) **1 ашық сабақ:**

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасы бойынша республиканың білім беру ұйымдарында

#### 19) **2 тексеріс:**

Шығыс Қазақстан облысында балалардың құқықтарын қорғау саласында 13 нысан;

Жамбыл облысында 5 білім беру ұйымдары.

### **IV. Есепті кезеңдегі қол жеткізілген негізгі нәтижелер:**

1. 2018 жылғы 1 тоқсан нәтижесі бойынша **778** жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала қазақстандық отбасыларға қамқорлыққа және қорғаншылыққа **(578)**, патронаттық тәрбиеге **(126)**, асырап алуға **(74)**, оның ішінде **2-і** халықаралық асырап алуға берілді.

Қонақ отбасыға **355** бала берілді.

Туған отбасыларына **167** бала қайтарылды.

### **2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй беру.**



2017 жылдың қорытындысы бойынша **1084** жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала үймен қамтамасыз етілді.

### **3. Ыстық тамақ**

2017-2018 оқу жылы ыстық тамақ **6098** (88,5%) мектепте 2 516 212 (94,3%) балаға ұйымдастырылды (2016-2017 оқу жылы – 6071 (86,9%) мектепте 94,3% (2 516 212) балаға).

442 263 (17, 6%) бала тегін ыстық тамақпен қамтылды, оның ішінде 189 455 (100%) аз қамылған отбасылардан шыққан балалар, (2016-2017ж.-255 023 (100%).

### **4. Оқушыны тасымалдау ұйымдастыру**

Білім беру ұйымдары жоқ **1636** елді мекенде **26 063** (97,5%) (2016 ж.-22 278 (97,8%) оқушыны тасымалдау ұйымдастырылған. Тасымалдауға қатысты қажеттілік 159 бірлікті құрайды. 2017-2018 оқу жылының басында Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында 679 балаларды мектепке дейін және мектептен үйлеріне тасымалдау ұйымдастырылмаған.

### **5. «Қамқорлық» республикалық акциясы**

Республикалық «Қамқорлық» акциясы шеңберінде әлеуметтік көмек алу құқығына ие отбасы жағдайы төмен, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы **165 561** балаға **768 433 млн. теңге** сомасында әлеуметтік көмек көрсетілді, оның ішінде **94 244** балаға демеушілік көмекпен **366 489 млн. теңгеден** артық сомаға көмек берілді.

### **7. Рейдтік іс-шаралар**

2018 жылдың 1 тоқсаны бойынша **1100** рейдтік іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді, оған **25 899** адам қатысты (білім беру ұйымдары мен органдарының, ішкі істер, денсаулық сақтау, үкіметтік емес ұйымдардың, жастар және ата-аналар қауымдастығының өкілдері).

Есепті кезеңде **20 164**-тен астам нысандар тексерілді (**1883-саяжай мен саяжай шаруашылығы, 1140-фермерлік шаруашылық, 3998-жағдайы төмен отбасы, 3865-үйдің жертөлесі, 986-темір жол және автобус вокзалы, 2591-ойын-сауық орны, 1137-компьютер салоны, 3210-шағын аудандар мен базарлар, 1354-авто жуу, авто жанармай станциялары**). Тексеру барысында **2247** кәмелетке толмаған бала анықталды, оның ішінде 3 жағдай бойынша Жамбыл облысында бала еңбегін қанау әрекеті анықталған.

Балалардың құқықтарының бұзылу фактыларын анықтау, балалар еңбегін қанау, панасыздық пен қадағалаусыздықтың алдын алу мақсатында, сондай-ақ «Кәмелетке толмағандар арасындағы

құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңын іске асыру мақсатында республикада тоқсан сайын «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтер өткізіледі.

## **8. ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің ресми сайты**

Комитеттің ресми сайтында **14** негізгі айдар, **40** кіші айдар және **5** маңызды сілтемелер жұмыс жасайды, олар үнемі жаңартылып отырады.

2018 жылғы 1 тоқсанында веб-сайтқа **18 229** астам интернет желісін қолданушылар кірген (*күн сайын 700-ден астам интернет желісін қолданушылар*).

Әлеуметтік желілерде Комитеттің қызметтері туралы ақпараттар орналастырылатын ресми аккаунттар құрылған және жұмыс жасайды.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру және іске асыру үшін БАҚ құралдарында балалар туралы 164-тен астам жағымсыз басылымдарға талдау жүргізілді.

БАҚ-тағы резонанстың көпшілігі балалардың құқықтарының бұзылуы, өмір сүруге, денсаулығына, балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қатысты.

## **9. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері**

Сенім телефонына хабарласқан **150** өтініш бойынша шаралар қабылданып, түсіндірмелер берілді, Комитет төрағасының блогына **26** өтініш келіп түсті (заңды тұлғалардан-0, жеке тұлғалардан-26) және жеке және заңды тұлғалардан **26** жазбаша өтініштерге жауап берілген (2017ж.-355 өтініш сенім телефонына келіп түсті, 85 «Төрағаның блогы» келіп түскен, 109 (заңды тұлғалардан-20, жеке тұлғалардан-89) жазбаша өтініштер).

## **10. Құжат айналым**

Комитеттегі құжат айналым **3058** бірлікті құрайды, оның ішінде ҚР Президенті Әкімшілігінен-16, Премьер-Министрінің кеңсесінен-18, Парламенті Мәжілісінен-26 (барлығы-60 бірлік) (2017 г. - **2493** бірлік, оның ішінде Президенті Әкімшілігінен – 15, Премьер-Министрінің кеңсесінен – 16, Парламенті Мәжілісінен – 19 ед.(барлығы 50 бірлік).

**11. 19** келісім-шарт және **3** қосымша келісім бекітілді, олардың ішінде **3** маңызды ұсыныстарды сұрату, бір көзден-**16**.

Мемлекеттік сатып алу жоспарында қарастырылған жоспарланған мемлекеттік сатып алуға өткізілген мемлекеттік сатып алу саны Комитет бойынша **100%-ды** құрайды.

## **Бюджеттік жоспарлау**



Төлем бойынша қаржыландыру жоспарында 2018 жылғы қаңтар-наурыз айлары аралығында **99 220,5** мың теңгенің **44 199,4** мың теңгесі игерілді. Қалғаны **55 021,2** мың теңге.

## **V. 2018 жылғы 1 тоқсанға арналған НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР:**

### **1) Нормативтік қызметтер:**

1 нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және іске асыру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

*«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы;*

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының индикаторлары.**

**3) Әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізу және ақпараттық-насихаттық жұмыстар.** Олардың ішінде негізгі іс-шаралар:

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша республиканың білім беру ұйымдары мен органдарының басшыларына арналған республикалық ведомствоаралық кеңес;

«Конвенциямен балалар бастауы» оқушылар арасында сауалнама;

Халықаралық балаларды қорғау және Астана қаласының 20 жылдығын тойлауға арналған «Нұрлы болашақ» республикалық акциясын ұйымдастыру және өткізу;

Балалар маслихатының көшбасшысы слетын ұйымдастыру және өткізу;

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары директорларының республикалық кеңесі отырысын ұйымдастыру және өткізу;

ҚР Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы;

«Балалар бастауы» балалардың әлеуметтік жобасының конкурсы;

«Қазақстан-мейірімділік мекені» республикалық балалар бастамасы;

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері жанындағы балалар маслихатының қызметін ұйымдастыру;

«Қауіпсіз интернет» ақпараттық кампаниясы;

«Қыз болашағы-ел болашағы» халықаралық қыздар күніне арналған республикалық декаданы өткізу;

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық отбасыларға орналастыру бойынша және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша видеоролик әзірлеу және шығару;

Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымдары мен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары басшыларымен семинар кеңес.

#### **6) Әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру:**

«Балаға мейірімді - Қазақстан» республикалық балалар форум-фестивалі;

«Мектепке жол», «Түнгі қаладағы балалар», «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күндік күрес», «Қауіпсіз мектеп», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Қауіпсіз автобус» атты республикалық акциялар мен рейдтер;

Қазақстандық отбасы күніне арналған «Отбасы – бақыт мекені»

#### **7) Ақпараттық-имидждік қызмет:**

«Қазақстан балалары» журналын шығару;

Әдістемелік, ақпараттық, буклеттер, жинақтар;

БҚҚК, ҮЕҰ, әлеуметтік желілердің интернет-ресурстарын пайдалану Конференция, брифингтер, интервью, ток-шоу;

PR-кампания «Әрбір балаға отбасы»;

Адамның рухани-адамгершілік дамуын ақпараттық-насихаттық сүйемелдеу;

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін іске асыру бойынша ақпараттық-насихаттық компания.

## НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №650 бұйрығы.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қаңтарда №16271 болып тіркелді.**

2. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 17 қаңтардағы №8 бұйрығы.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 29 қаңтардағы № 16286 болып тіркелді.**

3. «Өзін өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бойынша республикалық кеңесін құру туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы №11 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 17 қаңтардағы №16 ҚР БҒМ бұйрығы.

**Мемлекеттік тіркеуге жатпайды.**

4. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ бұйрығы.

**Жұмыс жалғасуда.**